

14.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, "Көркемсөз - көңіл тілі" тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өтті. Байқауға 5-11-сынып оқушылары қатысты.

А.Байтұрсынұлының шығармаларын және басқа қазақ ақындарының тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

6-"б" сынып оқушылары: Омар Ж.Асан М. Тұрсын Ғ. Нышанбай М.

10- сынып оқушылары: Көпжасар Ж. Қуандық А. Абдиғаппарова М.

7-сынып оқушылары: Әбіл Л. Арашбаева А. Сапарбекова Д. Сман А. жүлделі орындарға ие болды.



158 қараша 2022 жыл


"Қыз Жібек" қыздар ұйымының жиналысы

Тақырыбы: "Ерте жүктіліктің алдын алу"

Мақсаты: Қыз баланы тәрбиелеу, құрметтеу, ізет білдіру туралы жалпы түсінік беру. Қыз балаларға жеке гигиеналық тазалық, осы өмірге болашақ ана ретіндегі міндеттері туралы, ерте жүктіліктің себептері мен салдары туралы мектеп мейірбикесі Р. Сейітова "Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында баяндама оқыды. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды. Жалпы қыз баланы тәрбиелеу, бүкіл ұлтты тәрбиелеу екенін, ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу тек ананың ғана емес барша қауымның міндеті екенін ескеруіміз қажет.



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 23 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес 5 сыныптар арасында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында диктант байқауы өткізілді. №46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 23 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес 5 сыныптар арасында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында диктант байқауы өткізілді.



N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 30 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес, салауатты өмір салтын насихаттау, жаман әдеттерден аулақ болуды үйрету мақсатында Бөртебаева Салтанат 8«б» сыныбында «Салауатты өмір салтын сақтайық» тақырыбында сынып сағатын өтті.



N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 30 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес, салауатты өмір салтын насихаттау, отбасылық құндылықтарды дамыту мақсатында «Қызықты қыс» отбасылық сайыс өткізілді.



N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 26 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес кәсіби бағдар беруші педагогы Г.Болат пен мектеп тәлімгері Н.Кудагелдиева ұйымдастырумен 10-сынып оқушылар арасында «Менің болашақ мамандығым» атты бейнеролик байқауы өтті. Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау.



24 қаңтар 2023

"Қыз Жібек" қыздар ұйымының жиналысы

Тақырыбы: "Қыздарға не жарасымды? " «Жақсы мінез жан азығың»

Мақсаты: Қыз баланы тәрбиелеу, құрметтеу, ізет білдіру туралы жалпы түсінік беру. Қыз балаларға жеке гигиеналық тазалық, осы өмірге болашақ ана ретіндегі міндеттері туралы, ерте жүктіліктің себептері мен салдары туралы мектеп мейірбикесі Р. Сейітова айтып түсіндірді. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды. Жалпы қыз баланы тәрбиелеу, бүкіл ұлтты тәрбиелеу екенін, ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу тек ананың ғана емес барша қауымның міндеті екенін ескеруіміз қажет.

Мектеп психологы Л.Турспанбетова «Жақсы мінез жан азығың» атты тренинг өткізді Мақсаты:балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық»

жақсы тілек, ізеттілікке ізгілік туралы түсініктерін қалыптастыру;

- қайырымды қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту;

- мейірімділікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеуге.



N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 20 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес мектеп тәлімгері Кудагелдиева Н. және Эстетика пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қар жамылған ағаштар» атты сурет байқауы өтті.

Бұл сурет байқауының негізгі мақсаты бейнелеу өнеріндегі дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсете отырып, өскелең ұрпақты бейнелеу өнеріне баулып, патриоттық көзқарастарын қалыптастырып, эстетикалық талғамын дамыту болып саналады.

N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 17 қаңтар күні "Бақытты балалық шақ- жарқын болашақ " айлық іс-шараның жоспарына сәйкес "Дебат" жобасының Ә. Бөкейханұлының туғанына 156 жылдығына арналған пікірсайыс өткізілді. "Үміт" және "Зерде" топтары өзекті мәселелерді шешу механизмдерді ұсынды, оқушылардың сыни ойлау қабілеттері артып, өзін-өзі жетілдіруге тамаша мүмкіндік болды.



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 16 қаңтар- 13 ақпан күндер аралығында "Бақытты балалық шақ- жарқын болашақ " айлық іс-шара өтеді. Іс-шара мақсаты: жас жеткіншек бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен адамгершілікті дарыту.



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, әлім жеттіліктің алдын-алу" тақырыбында оқушыларға бейне ролик көрсетті. Мектеп психологы Л.Турспанбетова, Б.Қашым, ұйымдастыру педагог Б.Сманов, әлеуметтік педагог Т.Байгабилов



"ТӘУЕЛСІЗДІГІМ ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМІЗ" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАР ШЕРУІ ӨТТІ

N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде ҚР Тәуелсіздігі күніне орай "Тәуелсіздігім деп соғады жүрегіміз" атты ашық тәрбие сағаттар шеруі өтті. Мақсаты: Оқушыларды ҚР-ның жеткен жетістіктерімен таныстыру. Тәуелсіздіктің мәнін терең ашып түсіндіру.

Қазақ халқының ерлігін, даналығын паш ету, оның ізгі қасиеттерін ардақтап, өнеге тұту. Елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезім ояту. Елжандылыққа, ұлтшылдыққа, адамгершілікке, тілін, дінін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.



Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шаралар басталды. Мемлекеттік Өнұран айтылып, Мемлекеттік Ту көтерілу рәсімі болды. 9 "а" сынып дайындаған "Тәуелсіздік-Тұғырым" атты мерекелік бағдарламасында патриоттық қасиеттерді нығайту мақсатында патриоттық әндер, ұлттық билер, желтоқсан құрбандарын еске алу көріністері көрсетілді.



«30 ИГІ ІС» ЖОБАСЫ:

«Тәуелсіздік-орындалған арман. Қазақстан жолы» ұранымен №46 Абай атындағы орта мектебінде "Үздік сынып жетекші - 2022" байқауы өткізілді. Бағдарлама шарттары бойынша қатысушылар "Мен сынып жетекшімін" деп өздерің таныстырды, видеороликте өз педагогикалық идеясын ұсынды, тосын сәттен шығу жолдарын көрсетіп, көрермендерге өз өнерің паш етті. Сайыс барысында сынып жетекшілер мен оқушылар арасындағы тығыз қарым-қатынасқа баса назар аударылды. Байқаудың барлық ереже-талаптарын орындап, жұмыстарын нақты, түсінікті, нағыз сынып жетекшісіне тән әдістемелік тілмен баяндаған ұстаздар әділқазылар шешімі бойынша жүлделі орындарды иеленді:

Бас жүлде - 8 "ә" сынып жетекшісі Артикбоева Айна;

I орын - 7 "ә" сынып жетекшісі Артықбаева Раушан;

II орын - 5 "б" сынып жетекшісі Касимкулова Айнұр;

III орынды - 1 "г" сынып жетекшісі Салиева Гүлшат пен 6"б" сынып жетекшісі Накипбаева Мая иеленді.



"Қылмыссыз балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес 22 қараша 2022 жыл "Рухани-танымдық тәрбие күні" өтті.

4 сынып оқушыларының арасыда "1001 мақал" сайысы өткізілді. Оқушылар шығармашылық қабілеттерін арттырумен қатар сөз шеберлігін шыңдау мақсатында халықтың ауыз әдебиетін жақсы білуін көрсете алды.

Сайыс нәтижесінде

I орын - 4 Б сынып оқушысы Ералы Мерей

II орын - 4 г сынып оқушысы Тағайбек Айару

III орын - 4 ә сынып оқушысы Хусаин Айдана иеленді.



11 қараша 2022 жыл "Қылмыссыз балалық шақ" айлық іс-шараның жоспарына сәйкес балалардың құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай-ақ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Түнгі қаладағы балалар» рейдтері ұйымдастырылды. Мобильді топ мүшелері ауылдың көшелерін, ойын-сауық орталықтарын қадағалап, қадағалаусыз жүрген балалар жоқ, деп хабарлады.



Өзін өзі басқару ұйымының бастауымен "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне - 30жыл" атты іс-шара өткізілді. 1992 жылдың 4 маусым күні Мемлекеттік рәміздер қабылданды, рәміздер біздің елдігіміздің, тәуелсіздігіміздің белгілері болып табылады. Мерекелік іс - шара Мемлекеттік Әнұран орындалуымен басталды, рәміздер тарихы, видеоролик, өлеңдер, әндер балаларды отансүйгіштікке, рәміздерге деген құрметке баулыды



Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46Абай атындағы жалпы орта мектебінде 8.11.2022 күні "Аталар мектебі" мүшелерінің оқушылармен кезекті кездесуі болып өтті. Кездесуде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық білім беру жұмысы жүргізілді. Оқушыларға құқықтық жауапкершілік, өз міндеттері мен құқықтары туралы заңнамамен таныстырды.



Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 07.11.2022 жылғы #1104 санды хатына сәйкес кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу мақсатында жарияланған аудандық "Қылмыссыз балалық шақ" тақырыбындағы айлық іс - шарасы аясында "Абайлаңыз, балалар !" акциясы өткізілді. Мектептің ұйымдастырушы педагогы Б.Сманов және аға тәлімгер Н. Кудагелдиева мектеп оқушылары арасында айлық іс - шара мақсатымен таныстырып, жалпы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қоса жол қауіпсіздігін, жол көлік жарақаттануын алдын алу және жол-көлік оқиғалардың балалардың қатысуымен болдырмау үшін жол ережесін қатаң сақтау, өз бетінше машина айдамау туралы ескертілді



Теріс ағымдардың ықпалының алдын алу

Келес ауданының адами әлеуеті дамыту бөлімі, Келес ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің 11.10.2022 жылғы 15/02-0//129 санды хаты негізінде, аудан әкімінің орынбасары А.Сексенбаевтың 2022 жылдың II жарты жылына арналған дін саласы бойынша мектеп оқушылары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес N46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылдың 17 қазан күні облыстық дін істері басқармасының тапсырысы негізінде жасөспірімдер мен жастар арасында теріс ағымдардың ықпалының алдын алу мақсатында дінтанушы Б.Шаймерден кездесу өткізді. Кездесу барысында өзге дін өкілдерінің үгіттеуіне сеніп қалмау үшін дін саласындағы қызметкерлерден түсінік алу керектігі айтылды.



"Алтын Күз-2022" атты іс шаралар жоспары аясында 20 қазан күні "Мектептің өзін өзі басқару" ұйымы белсенділерімен, 9-10 сынып оқушыларының арасында "Алтын күз-2022" кеші ұйымдастырылды. Мерекелік шара оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес еркін форматта өткізілді.

Күзгі балл шарасының шарттары:

1. Өз-өзін таныстыру.
2. "Өнерлі өрге жүзер" өнер байқауы.
3. «Сен білесің бе? сұрақтарға жауап.
4. «Күздік сәні үлгісі»
5. «Күз мәзірі»

Жоғарыда аталған шарттар бойынша мектеп оқушылары аса қызығушылықпен, белсенді қатысты.

Қорытынды бойынша жеңімпаздар марапатталды.

Бас жүлде-«Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» атағын - 9 "ә" сынып оқушылары Орынбасаров Шыңғыс пен Сатыбалды Ақдидар иеленді.

10 "а" сынып оқушылары Базарнай Өмірсерік пен Разах Аружан «Үздік жұп» номинациясын,

10 "б" сынып оқушылары Бегалы Сұлтан мен Мақсатқызы Жібек «Сымбатты жұп» номинациясын,

9 "в" сынып оқушылары Абдраман Рамазан мен Жамбыл Гүлжан «Өнерлі жұп» номинациясын,

9 "Б" сынып оқушылары Джасұзақ Нұрлан мен Рахматулла Айда «Білімді жұп» номинациясын иеленді. Қатысушыларға қоғамдық белсенділік пен шығармашылық үшін алғысымызды айтып, алған жүлделерімен құттықтаймыз 🌟🌟

#Балаларжылы

#Годдетей

#өзін_өзібасқару

#школьное_самоуправление

#студенттікпарламент

#студенческийпарламент

#46Абай



№46 Абай атындағы ЖОМ

"Қыран елім - Қазақстаным" атты спорттық жарыстар өткізілді. Бұл жарыс оқушылардың ұлттық намысын оятып, патриоттық қасиеттерін нығайту мақсатында өткізілді. Жарыс жоспарға сай, қауіпсіздік ережесіне сай, ұйымдасқан түрде өткізілді.

#Балалар_жылы

#Годдетей

#өзін_өзі_басқару

#школьное_самоуправление

#студенттік_парламент

#студенческий_парламент

#ТО_өзін_өзі_басқару

#школьное_самоупр_обл_Туркестан

#46Абай

#Балалар_жылы #Келес_ауданы_Абай_ауылы




Түркістан облысы Келес ауданы

№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 19.10.2022жылы 25 қазан- Республика күні мерекесі қарсаңында "Менің арманымдағы Қазақстан " тақырыбында эссе жазу байқауы өтті.

Мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйуге , қазақ екенін , Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, салт-дәстүрін саналы да парасатты азамат екенін сезінуге тәрбиелеу.

Үздік жұмыстары марапатқа ұсынылды.



19 қазан 2022 жыл

Республика күніне орай “Жаңа Қазақстан - Таза табиғат” атты экологиялық науқан өткізілді. Оқушыларға себепсіз қоқыс тастаудан аулақ болуға, түрлі химиялық жанғыш заттарды жағуға және ауа қабатына зиян келтіретін заттарды тұтынбауға шақырып, насихат жұмысы жүргізілді.

Адамгершіліктің бір көрінісі - қоршаған ортаның тазалығына үлес қосуы.



"Қарттарымыз - асыл қазынамыз" акциясы жалғасуда: 9 а сынып оқушылары, сынып жетекшісі Түктібаева Гүлчехра апаймен, 9 ә сынып, жетекшісі Ермекбаева Айсәуле апай, 6 а сынып, жетекшісі Нурлыбаева Ажар апай ауылымыздың еңбек ардагерлері Упиков Темір ағай, Жиенбаева Қалагүл апай, Тұрарбек ағайлардың үйлеріне барып, қарияларымыздың ақ батасын алып, өсиетін тыңдап, ауласын тазалау жұмысына көмек беріп, қарттарымыздың алғысын алды.



"МЕЙІРІМ" ЕРІКТІЛЕР ТОБЫНЫҢ КӨРСЕТКЕН КӨМЕГІ !!!

◆ Келес ауданы әкімдігінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің Ошақты ауылдың округінің жастар ісі бойынша инспекторы және №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Мейірім» еріктілер тобы 29 қыркүйек күні ардагер ұстазымыз Жиенбаева Қалагүл апамызды Ұстаздар мерекесімен құттықтап, үйінің ауласын тазалау жұмыстарын жүргізді. Қария белсенді жастарға ризашылығын білдірді.

📌 Еріктілер қоғамда өз орнын тапқан нағыз патриот жастар. Кез-келген жас ерікті бола алады!



2022 жылдың 30 қыркүйек күні "Ұстаздарға мың алғыс" мерекелік бағдарлама өткізілді. Оқушылар ұстаздарға ән, би, өлеңдер арнады.

Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!



№ 46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 29.09. 2022 жылы 1 - қазан Халықаралық Қарттар күні мерекесіне орай
 "Жас жүрген жер - мереке,
 Қарт жүрген жер-береке " тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға білім беру, денсаулық сақтау саласының еңбек ардагерлері қатысып, балаларға өмірлік тәжірибесінен мағыналы, ұлағатты насихат әңгімесін айтты.
 Кездесу барысында қарттарымызды құрметтеуге, ұлықтауға тәрбиелеу жұмысы мақсатына жетті.

"ДУБЛЕР КҮНІН"

№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Өзін -өзі басқару» ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғалық көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында, 2022 жылдың 29 қыркүйек күні өткізілетін "Дублер күніне" арналған дайындық жұмыстары өтуде.



№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш бірлестігінің Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесіне арналған 20.09.2022 жылы 3-ші сыныптар арасында "Тілім-менің ол тірегім", "Тіл - ұлы байлық", "Тіл тағдыры- ел тағдыры" тақырыбында, тағылымы мол, мазмұнды ашық сынып сағаттары өтті.



Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Ж. Сатыбалдин және ерікті топ мүшелерімен бірге құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 16 қыркүйек 2022 жыл түнгі рейд ұйымдастырылды. Рейд барысында ауылдағы дүкендер, толық бітпеген ғимараттар және ойын-сауық мекемелерінде беймезгіл уақытта ата-анасының қарауынсыз жүрген кәмелет жасына толмаған оқушылар анықталған жоқ.



15 қыркүйек күні №46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай өтіп жатқан айлық іс-шаралар жоспары бойынша «40 мысалдың мәні мол», «На языке сказочных персонажей» деген тақырыпта 5-7-сыныптар арасында сахналық көріністер байқауы өткізілді. Оқушылар А.Байтұрсыновтың мысалдары бойынша қазақ және орыс тілдерінде сахналық көріністер дайындаған. 5 "А" сыныбы «Қарға мен түлкі» мысалын, 6"А" сыныбы "Өгіз бен бақа", 7-сыныптар "Егіннің бастары" мысалдарынан сахналық қойылым көрсетті.



Мектебімізде 2022-2023 оқу жылының бірінші мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тіртібіндегі мәселелер:

1. Мектептің ішкі ережесімен таныстыру (Баяндамашы мектеп директоры Б. Рысбаев)
2. Мектеп формасы (Баяндамашы ДТІЖО Г. Култаева)
3. Жалпыға міндетті білім жайлы. Оқушылардың ыстық тамақ пен қамтылуы (Баяндамашы әлеуметтік педагог Т. Байгабилов)
4. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қозғалысы ережесі туралы (Баяндамашы ДТІЖО Ж. Сатыбалдин)
5. Оқушылардың оқулықпен қамтуы (Баяндамашы кітапханашы М. Абдиева). Жиналыста күн тәртібіндегі мәселелер толық қамтылып, ата-аналар көкейтесті сұрақтарына жауап алды.



2022 жылдың 15 қыркүйек күні тәрбие секторы мен дене шынықтыру әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен «Балалар жылы» аясында мектебіміздің спорт алаңында "Денсаулық фестивалі" өткізілді. Бұл аталмыш іс-шараға мектебіміздің мұғалімдері, оқушылары қатысты. Бұл іс-шара оқушыларды салауатты өмір салтын насихаттауға, спортпен айналысуға баулуға, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға арналды.



14 қыркүйек 2022 жыл

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде

А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, " Көркемсөз - көңіл тілі" тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өтті. Байқауға 5-11-сынып оқушылары қатысты.

А.Байтұрсынұлының шығармаларын және басқа қазақ ақындарының тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

6-"б" сынып оқушылары: Омар Ж.Асан М. Тұрсын Ғ. Нышанбай М.

10- сынып оқушылары: Көпжасар Ж. Қуандық А. Абдиғаппарова М.

7-сынып оқушылары: Әбіл Л. Арашбаева А. Сапарбекова Д. Сман А. жүлделі орындарға ие болды.



Бүгін қыркүйектің 9-ші жұлдызы 2022 жылы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі, Түркістан облысының "Дін істері басқармасы " мемлекеттік мекемесінің 05. 09.2022 жылғы №15 /02 04/56 санды хатына негізделе отырып ,ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде төменгі мәселелер қойылды: 1.Оқушылардың мектеп формасы және оған қатысты мәселелер.

2. Оқушыларды тасымалдау

3. Оқушыларымыз арасында түрлі діни кері ағымдардың алдын алу және түсіндіру

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Сатыбалдинге сөз берілді. Жабай ағай жиналғандарды оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, жаңа оқу жылындағы міндет-мақсаттармен таныстырды, мектеп ережесі жайлы айтып, ата-аналарға оқушылардың мектепке ұялы телефон әкелмеуіне ықпал етуін сұранды. Мектеп формасы классикалық көк, қара түстерде қалғанын, келесі жылдан бастап бірыңғай формаға өтуімізді айтты. Мектеп формасында дінге қатысты элементтердің болуына тыйым салынады. Ауыл имамы Д. Керімбаев жастар арасындағы түрлі теріс ағымдардың ұстанымы ,олардың зияны туралы сөйлеп , мысалдар келтірді. Жиналған ата-аналарға мектептің педагог-психолог Л. Турспанбетова психологиялық тренинг сабағымен жалғастырып, сұрақтарға жауап берді.



№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5 қыркүйек-Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай, іс-шаралар жоспары жасалып, 05-16.09.2022 ж. аралығында "Тілім барда мен бармын" атты онкүндік өткізілуде.

Жоспар бойынша

5 қыркүйек күні онкүндіктің ашылуы болды. Бастауыш сыныптарда "Қазақстан-достық мекені" тақырыбында сурет байқауы өтті. 10-сыныптарда "А.Байтұрсынов-тілтану ғылымының атасы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, оқушылар А.Байтұрсыновтың тіл туралы еңбектері, оқу-ағарту саласындағы идеялары жайлы пікірлесті.

№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5 қыркүйек-Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай, іс-шаралар жоспары жасалып, 05-16.09.2022 ж. аралығында "Тілім барда мен бармын" атты онкүндік өткізілуде.

Жоспар бойынша

5 қыркүйек күні онкүндіктің ашылуы болды. Бастауыш сыныптарда "Қазақстан-достық мекені" тақырыбында сурет байқауы өтті. 10-сыныптарда "А.Байтұрсынов-тілтану ғылымының атасы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, оқушылар А.Байтұрсыновтың тіл туралы еңбектері, оқу-ағарту саласындағы идеялары жайлы пікірлесті.





№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасы 2022 жылдың 22 шілдедегі №27-08-07/3369 санды хатына сәйкес, 2022 жылдың 1 тамызы мен 31 қыркүйегі аралығында аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және Балалар жылын іске асыру шеңберінде әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында

«Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық» атты Республикалық қайырымдылық акциясы 2022 жылдың 29 тамыз күні өткізілді.

Демеушілер тарапынан көмек көрсету жалғасуда. Осы акция бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогы және " Қамқоршылық кеңесінің шешімі бойынша 1-10 сынып оқушыларына мектеп формаларымен, кеңсе заттары, сөмке табысталды.

Көмек көрсетіп жатқан демеушілерімізге алғысымыз шексіз.

[#мектепкежолакция2022](#)

[#Балалар жылы2022](#)



№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-де 1 қыркүйек - Білім күніне орай 1-11 сыныптарға "Білімге ұмтылу, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет " тақырыбында тәрбие сағаттары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Заманауи көрнекіліктер, проектормен слайд көрсетіп, терең мазмұнды әңгіме, кездесу, пікірталас түрінде өткізілді.



Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар, ата - аналар және барша қазақстандықтар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, мереке – Білім күнімен құттықтаймыз!

1 қыркүйек барша халықтың, әсіресе балалардың көптен күтетін мерекесі!

Келес ауданы Ошақты ауылының №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектепте ата-аналарды, мұғалімдерді оқушыларды көтеріңкі көңіл күймен, музыка әуенімен қарсы алды.

Мектеп директоры Б. Рысбаев, ата-аналар комитетінің төрағасы Б. Джанетов, ардагер ұстаз С. Нақыпбаев мерекемен құттықтап, тәрбиелі, білімді болуын тіледі!

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ашылуларға ұдайы ізденіс, шығармашылық табыс, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілейміз!



Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 10.06.2022 жылғы N192 бұйрығының негізінде 17 маусым күні N46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде "Аттестат тапсыру" мерекесі өткізілді. Іс-шараға ата-аналар, ардагер ұстаздар, ауыл азаматтары шақырылды. Мереке әнмен әрленіп түлектерге арналған игі тілектермен апталды.





Ұйымдардың еңбек ұжымдарында, білім беру ұйымдарында, оның ішінде шалғай өңірлерде құқықтық мәселелер бойынша жиналыстар өткізу тапсырмасының негізінде №46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде мұғалімдеріне дөңгелек үстел өткізілді. Жиында ұжым қызметкерлерінің құқықтық білімінің маңызы жайлы сөз қозғалды.

Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Ж. Сатыбалдин сөз барысында «Қазіргі таңда құқықтық білімнің маңыздылығы бірінші кезекте тұр. Ұжымдық қатынастарда әрбір азаматтың құқықтық білімінің жетілгендігі маңызды. Сондықтан да бәріміз де осы тұстан өз білімімізді жетілдіруіміз қажет» - деп атап өтті.



1992 жылдың 4 маусым күні Мемлекеттік рәміздер қабылданды, бүгін оларға 30 жыл толып отыр!

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде "Туым - теңдігім, Елтаңбам - елдігім, Әнұраным - айбыным! мерекелік іс - шара Мемлекеттік Әнұран орындалуымен басталды, рәміздер тарихы, видеоролик, өлеңдер, әндер балаларды отансүйгіштікке, рәміздерге деген құрметке баулайды.



1 маусым 2022 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде

1 маусым - Балаларды қорғау күніне орай "Балалар игілігі үшін" мерекелік акциясы өткізілді: балалардың өнерін дамыту мақсатында "Менің бақытты балалық шағым" сурет көрмесі, "Біздің ауданымыздағы асфальтындағы суреттер" бағдарламасы, мерекелік концерттік бағдарламасы жоғары деңгейде өткізілді. Мереке құтты болсын, балаларымыз ақылды, өнерлі, жарқын болашақты болсын!



4 жыл бойы сусындап білімменен,
Ұшатын қанат қағып келді кезі.

Армандасаң да, қиялдасаң да балалық шағың көз алдыға келеді. Өйткені, биік асуға беттеген аяулы
ғұмыр, ғажайып өмір осынау бал күлкілі балалық шақтан басталады.

Мектептің бастауышты бітіруші сыныптары:

4 "а" сынып жетекшісі Турлыбекова Камиля

4"ә" сынып жетекшісі Анаркулова Айнұр

4"б " сынып жетекшісі Спанова Ибадат

4"в" сынып жетекшісі Маханова Гүлзада

бүлдіршіндер өміріне өшпес із қалдырған бастауыш сыныбымен қоштасу кештері өтті.

" БАСТАУЫШЫМ - БАЛДӘУРЕНІМ,

ҚОШ БОЛ БАСТАУЫШЫМ!" атты мерекелік бағдарламада оқушылар өздерінің игі тілектерін білдіріп,
өнерлерін ортаға салды. Келген қонақтарды әсем әндерімен, мың бұралған билерімен тамсандырды.

Кеше ғана мектеп табалдырығын аттап, бүгін үлкен сыныпқа бет алып отырған барша бастауыш
сынып оқушыларын жаңа қадамдарымен құттықтаймыз! 🍌🍌🍌🍌



7 мамыр 2022 жыл

Біздің жерлесіміз мерген Төлеуғали Насырханұлы Әбдібековқа «Халық қаһарманы» атағы берілді. Төлеуғали Әбдібеков «Пахта-Арал» кеңшарының майданға аттанып, 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының қатарына енді. 1942 жылы - 219 фашистты, ал 1943-1944 жылдары 397 фашисттың көзін жойды. Осындай ерлігі үшін, ерен еңбегі ескеріліп осынша жылдан кейін «Халық Қаһарманы» атағы иесін тауып отыр. "Төлеуғали Әбдібековтың ерлігі мәңгілік жадымызда сақталады" атты іс-шарада батырдың өмірбаяны, соғыстағы ерлігі, жанкештілігі баяндалып, оқушыларға тарихи тағылымы мол болып өтті.



6 мамыр 2022 жыл 9 мамыр- Ұлы Жеңіс мерекесі. «Жеңістің туын желбіреткен ерлікпен қаза тапқан боздақтарымыздың ерен ерлігі мәңгі есімізде сақталады»- деген ұранмен мектебімізде өткен ашық тәрбие сағаттар шеруі өтті . Қайсарлығымен қазақты әлемге әйгілі еткен қазақ батырларын еске алып, олардың биік рухынан сусындап , жадымызда сақтап,өнеге ету. "Желбіре, Жеңіс жалауы" сурет көрмесі, «Жігіт султаны байқауы», «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс » әдеби- музыкалық бағдарламаның ортақ мақсаты.



5 мамыр 2022 жыл

АРДАГЕРЛЕРГЕ ЖАСАЛҒАН ҚҰРМЕТ!!!!

Келес ауданы әкімдігінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің Ошақты ауылдық округінің жастар ісі бойынша инспекторы, №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің "Мейірім" еріктілер клубымен біргелікте ұйымдастыруымен тыл ардагерінің үйіне барып сұхбат жүргізілді.

Басты мақсат жастарға тыл ардагерінің өмірімен қоса жасаған еңбектерінен сыр шертер әңгімелер өрбіте отырып, жастарға құндылығы бар ерліктері жайлы айтып жастарға ой салу.



5 мамыр 2022 жыл

7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай мектебімізде бір қатар мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Жауынгерлік рухты, отансүйгіштікті, адалдықты баулу мақсатында « Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» ауған соғысының ардагерлері кеңесінің мүшелерімен кездесу өткізілді, сыныптарда «Жігіт сұлтаны» байқаулары, ашық тәрбие сағаттары, мерекені қорытындылап « Елін қорғау- ерге серт!» мерекелік бағдарламаны 9"б" сынып, 6 "а" сынып оқушылары тамаша өнерін көрсетті.



3 мамыр 2022 жыл Құрметті АТА-АНАЛАР!

Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылы соңғы қоңыраудың өткізілу тәртібі бойынша,

Мамыр айында болатын мерекелер қарсаңында ата-ана және оқушы тарапынан ақша жинауға, қымбат көліктерде серуендеуге, табиғатқа саяхатқа шығуға қатаң тыйым салынатындығын ескертемін!

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында:

- мектепке бітіруші түлек ретінде сыйлық бермеу,
- мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне қымбат әшекейлер мен сыйлықтар беруге тыйым салу,
- бірыңғай мектеп формасын кию,
- соңғы қоңырауда көлікте серуендеу,
- мейрамхана, кафеде отырыс жасау, тауға саяхат жасау сияқты ақша жиналатын және құқықбұзушылық орын алатын фактілерді болдырмау керек. Емтихан кезінде ақша жинамау, дастархан жасамау керектігін ескертемін!

Оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауы, сабаққа кешікпей келуі, оқушылардың әрбір жеткен жетістігі - ұстаз үшін ең қымбат СЫЙ деп білеміз.

Сіздің кез-келген сұрағыңызға жауап беруге әркез дайынмын.

Құрметпен, №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп директоры: Рысбаев Бақытжан Оспанович.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сатыбалдин Жабай Орынбаевич.

Байланыс телефоны:

+77011601076



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылы 2-ақпандағы №802 Жарлығымен 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын түсіндіру мақсатында "№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне жиналыс өткізілді. Жиын барысында сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту мәселелері қарастырылып, ұжымға Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2- ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" тұжырымдамасының талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

